ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 қараша № 7119-24-00-2/14782 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Жанәділова, азаматтық ісін оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУПАКЕР:
«Asel» Сәруарова Әсел Ерболқызы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Asel» Сәруарова Әсел Ерболқызы жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы, қанағаттандырылсын.

«Asel» Сәруарова Әсел Ерболқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Asel» Сәруарова Әсел Ерболқызы жеке кәсіпкерінен мемлекеттік пайдасына 23 400 (жиырма үш мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 548 (екі мың бес жүз қырық сегіз) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Көкшетау қалалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья Жанәділова Р.Б.

Документ подписан: Жанадилова Р. Б., 29.11.2024

Дата вступления в законную силу: 31.12.2024, судья Жанадилова Р. Б., 16.01.2025

7119-24-3-1/14242